Келісілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері С К Аскатова _____

Бекітілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі Г.В. Увалиева _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ жоспары

Білім беру ұйымы Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Топ: «Ботақан», ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды қырқүйек 2023 ж – мамыр 2024 ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіпсаппен жүру; **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар**: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар**: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; **Спорттық ойын элементтері**: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралытүсініктерге ие; бірлескен қимылды ойындарға қатысады. **Қимылды Ойындар:** «Көңілді қошақандар», «Қуыспақ» «Допты ұстап ал» **Дербес қимыл белсенділігі**: балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.

	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру**. Дауысты (а,ә,е) және дыбыстарды анық айтудын үйрету. (п-б,к-қ) Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. **Сөздік қоры**.Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Келесі дағдыларды қалыптастыру.** Қоршаған орта заттарын және тұрмыстық заттарды қолданылуын маңыздылығын түсіндіру.Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру. **Тілдің грамматикалық құрылымы**.. Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану және әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құрау. **Байланыстыра сөйлеу**.Ересектердің сөзін тыңдау және сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануды қалыптастыру.Тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша әңгіме құрау, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға дағдыландыру. **Дидактикалық ойындар:** «Менің ойыншықтарым», «Қуыршақ бізде қонақта», «Үй жиһаздары», «Үй жануарларын ата» т б
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде түсіндіру. балалардың ой пікірлерін тыңдау. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету **Дидактикалық ойындар:** Ә.Қонарбаев «Балабақшам» /тақпақ/, « «Күз» /өлең/, Шалқан» /ертегісі/, «Қуыр-қуыр қуырмаш»
	Қазақ тілі	**Тілдің дыбыстық мәдениеті.** Балалардың қазақ тілінде сөйлеуді тыңдауға, есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. **Сөздік қор. Дағдыларды:**ойыншықтардың, кейбір тұрмыстық заттардың, көкөністер мен жемістердің, жануарлардың атауларын түсінуді және қабылдауды; **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді үйрету (сын есім) **Байланыстырып сөйлеу.**Жай сөйлемдерді*:* қарапайым сұрақтарды түсіну және оларға қысқа сөйлем түрінде дұрыс жауапберумен; **Дидактикалық ойындар:** «Бау-бақшада», «Сақ құлақ», «Жемістер мен

		көкеністерді ажырат», «Сиқырлы дорба»
	Математика негіздері	**Жиын:** әртүрлі түстерден, өлшемдерден тұратын көптеген нысандар туралы түсінікті қалыптастыру; **Сан, санау: «**Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. **Шама.** Заттардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. **Геометриялық фигуралар:** 1)Балаларды геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы) танып, атай білуге үйрету 2) дағдыларды қалыптастыру: геометриялық фигураларды тану және атау, фигуралардың пішінін зерттеу. **Кеңістіктегі бағдарлау.** Келесі дағдыларды қалыптастыру, Дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету**. Дидактикалық ойындар:** «Пішіндерді ата», «Біреу және көп», «Зат неге ұқсайды», «Біреуі артық»
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер**. Ауа-райының жағдайын анықтау (жел, жаңбыр т.б), табиғат құбылыстарын бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйіні туралы түсініктерін қалыртастыру. **Көкеністер мен жемістерді** ажырату және атау дағдыларын жетілдіру. **Бала, оның отбасы, үй***:*баланың өзі және оның жағдайы туралы түсінігін кеңейту. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы мүшелеріне, жақындарына қамқорлық танытуға үйрету.(ата, апа,әке, ана т.б) **Дидактикалық ойындар:** «Күз мезгіл ереешеліктері»,«Көкеністер мен жемістер», «Ата мен әжеге көмектес» «Қамқорлық гүлі»
	Құрастыру	**Құрылыс материалынан құрастыру.** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Конструкторлармен ойнау үшін құрылыстар салу дағдыларын, бөлшектерді бекіту және құрылыстар жасау тәсілдері туралы білімді жетілдіру. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыруға үйрету. **Қағаз беттерін көлемді** пішіндерге түрлендіру, қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдалану. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу **Дидактикалық ойындар:** «Көпірлер», «Көп қабатты үйлер», «Саңырауқұлақтар» /қағаздан/ , «Қоршаулар»

	Сурет салу	**Берілген тақырыпта сурет салу**: дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн). Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: **Сәндік сурет салу** 1)көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, Сюжетті сурет салу; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. **Дәстүрден тыс сурет салу*;*** (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру **Дидактикалық ойындар:** « Сызықтарды жалғастыр»,«Бұлт», «Әдемі алмалар», «Күзгі жапырақтар»
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу:** сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалану **Заттық модельдеу** Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды; пропорцияларды сақтай отырып, екі бөліктен тұратын заттарды, саусақтардың және қол алақандарының қимылдарын қолдана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Дидактикалық ойындар:** « Алтын күн»,«Доп», «Мандариндар мен апельсидар» , «Күзгі жапырақтар»
	Жапсыру	**Тақырыптық жапсыру*;*** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру **Үлгі бойынша жапсыру;** Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; **әстүрден тыс жапсыру техникасы;** Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды; **Сюжетті жапсыру ;** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру. **Дидактикалық ойындар:** «Піскен алмалар», «Банкадағы қияр мен қызанақ» **,** «Ақша бұлт», «Алуан, алуан жапырақтар »
	Музыка	-қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу, балалардың өз ойын білдіруіне сұранысын қанағаттандыру мен музыкалық қабілеттіліктерін дамыту **Музыка тыңдау.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев. «Бөбектер әні» Е.Ташев. **Ән айту.** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. «Тәтті бала» Т.Сопиев, С.Оспанов. «Біздің атай» Қ. Қуатбаев. «Бағдаршам» С. Қалиев. «Алма, саған ризамыз» Г.Абдрахманова. «Қазан» Қ.Шілдебаев. «Жаңбыр» Қ.Шілдебаев. «Бауырсақ» Ә.Бейсеуов. «Торғайлар, келіңдер» Н.Айтов, Л.Емельянова. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау «Биге шақыру» А.Тоқсанбаев. «Полька» Б.Сметана. «Қояндар биі» Ж.Оффенбах. «Қуыршақпен билейміз» Ж Қашқынов. **Музыкалық**

		және аспаптармен ойындар: «Балақан мен алақан» Е. Хасанғалиев. «Бәсең және көтеріңкі» «Ән салған кім?» А. Райымқұлова.
Қазан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру,бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. **Негізгі қимылдар:** Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағынажәне т.с.с. жүгіру; тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықтаорналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; **Қимылды ойындар:** «Кім жылдам», «Түрлі түсті автокөліктер», «Қоңыздар» **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар**: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар**: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; **Спорттық ойын элементтері**: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралытүсініктерге ие; бірлескен қимылды ойындарға қатысады. **Дербес қимыл белсенділігі**: балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.*(р, л) дыбыстары.* Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. **Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын адамдардың еңбектерімен, заттардың бөліктері, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер мен етістіктерді сөздік қорға қосу **Келесі дағдыларды қалыптастыру***:* заттық суретерді етістікке қарай қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; **Тілдің грамматикалық құрылымы***.;*дыбыстарын қатыстырып байланыстырып сөйлеу; ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіну. Отбасы мүшелері және олардың қызметтік орындарын атауларын мен сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану және әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгімелесуді жақын ортадағы кейбір заттарды атай білуді қалыптастыру, үлгі бойынша әңгіме

		құрастыру. **Шығармашлық пен сөйлеу қызыметі:**Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннанкейі , мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. **Дидактикалық ойындар:** «Кім не істеді?», «Қуыршақ Әйгерімнің туылған күні», «Түлкі мен тырна» /ертегі/ **Дыбыстардың дұрыс айтылу жаттығулары:** Р,Л дыбыстарына арналған тақпақтар
	Қазак тілі	**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрет. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Патриоттық өлеңдердегі дыбыстарды анық айтуға машықтау; **Дидактикалық ойындар:** «Тек жақсы қасиетін ата» , «Жапырақтар неге сарғайады?»,«Қазақстан Отаным» /Тақпақ жаттау/, «Менің отбасым»
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу..** Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;**Мазмұнда:.** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуға, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту*:*** түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау; ертегі желісін ретімен орындау **Мәнерлеп оқу**. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. **Дидактикалық ойындар:** «Бауырсақ» /ертегісі/ «Туыс» /тақпақ/, Ы Алтынсарин «Өрмекші,қарлығаш, құмырсқа» , «Күз» /тақпақ/
	Математика негіздері	**Жиын:** әртүрлі түстерден, өлшемдерден тұратын көптеген нысандар туралы түсінікті қалыптастыру;/жолакшалармен жқмыс жүргізу/ **Сан, санау:** 1) 5 шегінде санау дағдыларын қалыптастыру, заттарды үлгі және аталған сан бойынша санау. 2) Сандық топты көрсете отырып, 5-ке дейінгі сандармен танысу. Әр түрлі анализаторлардың (көру, есту, сезу) көмегімен санау дағдыларын дамыту. Бір текті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету **Сан. 1 саны мен затарды сәйкестеу ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; Шама.**Заттардың мөлшері ұғымын біріктіре әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын

		қалыптастыру; **Геометриялық пішіндер:** 1)Балаларды геометриялық фигураларды (үшбұрыш, тік төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету 2) дағдыларды қалыптастыру: геометриялық фигураларды тану және атау, фигуралардың пішінін зерттеу. **Кеңістіктегі бағдарлау.** Келесі дағдыларды қалыптастыру, тегіс жерде орналаскан заттардың орналасуын бағдарлай білуге үйрету**. Дидактикалық ойындар:** «Автотұрақтар», «Үлкен және кіші», «Фигураларды тап» /үшбұрыш, тіктөртбұрыш «Сәйкесінше қой», /
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары:** 1) жансыз табиғат объектілері –тас, топырақ, ағаш туралы білімдерін кеңейту 2) табиғат құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру: жел, жаңбыр., найзағай, бұршақ Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі қарапайым өзгерістерді бақылау дағдыларын дамыту **Өсімдіктер әлемі:** 1) көкөністер мен жемістердің бақта ма бақшада өсетінің ажырату және атау дағдыларын жетілдіру; 2) табиғаттағы, жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. **Бала, оның отбасы, үй:** баланың өзі және оның жағдайы туралы түсінігін кеңейту. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Тақырып әлемі**. Балаларды табиғат құбылыстар әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Жақын ортадағы заттарды ажырата және атай білуді жетілдіру. Қоршаған заттардың мақсаты, құрылымы, материалы арасындағы байланыс туралы білімді қалыптастыру; **Еңбек құралдары туралы түсініктер.**Отбасы жайлы олардың еңбек әрекеттері, балабақша туралы білімдерін жетілдіру. **Жол қозғалысы ережелері.** Жолдардың әртүрлі бөліктері (тротуар, жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі), бағдаршам сигналдары, көшедегі тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар:** «Күз мезгілдерінің белгілері», «Тірі табиғат мүшелері», «Бағбандар мен гүлдер», «Ата-анаға қамқорлық жасау»
	Құрастыру	**Құрылыс материалынан құрастыру**. Конструкторлардан ойнау үшін құрылыстар салу дағдыларын, бөлшектерді бекіту және құрылыстар жасау тәсілдері туралы білімді жетілдіру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.Геометриялық пішіндерден құрастыру Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстарын құрастыру/заттық суреттер/ үлгі бойынша құрастыру*;* қағаз бетіне таяқшалармен түрлендіру Қағаз арқылы құрастыру**;** қағазды жиыршықтау тәсілдерін пайдаланыу, Модульді құрастыру*;* берілген жұмыстын үлгісіне қарай отырып құрастыру **Дидактикалық ойындар:** «Қуыршаққа бөлме дайындау», «Біздің қаладағы көше», «Теледидар», «Машиналар»

	Сурет салу	**Тақырып бойынша сурет салу.** Берілген тақырыпта сурет салу, шаршы пішінді заттардың суретін салу (терезе, сөре, терезе). **Заттық сурет салу.** Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: **Сәндік сурет салу;** 1) ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, **Сюжетті сурет салу;** Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. **Дәстүрден тыс сурет салу;** (саусақтары мен түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру **Дидактикалық ойындар:** «Қандай заттың пішініне дөңгелек ұқсайды» , «Үлкен және кіші сәбіз», «Тәрелкені әшекейлеу», «Алтын күз»
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу:** сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, , ширату, созу тәсілдерін пайдалану. Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды; пропорцияларды сақтай отырып, екі бөліктен тұратын заттарды, саусақтардың және қол алақандарының қимылдарын қолдана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). **Дидактикалық ойындар:** Қоянға арналған сәбіз», **«**Әдемі алма» ,«Үлкен қызанақ», « Алаңқайдағы саңырауқұлақ» т б
	Жапсыру	**Тақырыптық жапсыру***;* Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру;/ күзгі агаш/ **Үлгі бойынша жапсыру;** Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; **Дәстүрден тыс жапсыру техникасы;** Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды; **Сюжетті жапсыру ;** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру.**Дидактикалық ойындар: «**Күзгі ағаш», «Кірпі», «Қоянға сәбіз», « Күзгі жапырақтардан балық» т б
	Музыка	- қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу, балалардың өз ойын білдіруіне сұранысын қанағаттандыру мен музыкалық қабілеттіліктерін дамыту **Музыка тыңдау.** - пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. «Достық» өлеңін жазған: Е.Елубаев, әнін жазған: И. Нүсіпбаев. «Жаңбыр» Д.Ботбаев. **Ән айту.** - дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. «Бақшаға барамын» Ө.Байділдаев.К.Сүлейменов. «Біз бақытты баламыз» Е. Хасанғалиев, Қ Жұмағалиев. «Бір үйде біз нешеуміз» М.Әлімбаев, Ә.Бейсеуов.**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: - әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау «Қояндар» биі М.Әлімбаев. «Күзгі жапырақтар биі» **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Орындық» «Жаңбыр» Г.Абдрахманова.

Қараша	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға,жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солғабұру **Негізгі қимылдар:** Секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру; лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай), баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату; **Қимылды ойындар:** «Үш орындық ойыны», «Түйіншек», «Қасқыр мен ешкі» **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар**: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық ойын элементтері**: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; бірлескен қимылды ойындарға қатысады. **Дербес қимыл белсенділігі**: балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. /тірек сызба арқылы п-б дыбыстарына жаңылтпаштар жаттау/ 2) **Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру**. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, септелуіне қарай байланыстыру, Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. **Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын адамдардың еңбектерімен, заттардың бөліктері, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдер мен етістіктерді сөздік қорға қосу /ойыншықтардың сапасы мен қасиетін, жалпылауыш сөздермен антоним сөздерді меңгерту. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** 1) к-қ, дыбыстарын қатыстырып байланыстырып сөйлеу, ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу 2) зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану 3) әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру. **Байланыстырып сөйлеу**. шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету; / тірек – сызба көмегімен ертегіні әңгімелеу/ **Шығармаларды қабылдау** Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті

		дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. **Дидактикалық ойындар:** «Дыбыстарды ата», «Сөзді анық айтып шық», «Сақ құлақ» /Ұлттық ойын/, «Суреттер сөйлесін»
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу..** Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау; /суреттер арқылы көңіл күй құпиялаырн ажырату, / Таныс ертегілердің мазмұнын айтуға, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету./суретпен жұмыс/ **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:** түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау; ертегі желісін ретімен орындау; Аз қозғалмалы ойындар: «Өз үйіңді тап», «Менің кейіпкерім», «Блум текшесі» **Дидактикалық ойын:** «Жақсылық-жамандақ», «Бір үзім нан» /ертегі/, сюжетті-рөлді ойындар. «Менің ертегім», «Жалғастыр»,
	Қазак тілі	**Тілдік дамытушы орта** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуді меңгерту; Сөздік жұмыс: «Суретті әңгімеле» , еліктеуші ойындар: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Үстел-үсті ойындары: Лото «Менің отбасым», «Ретімен қой», «Мамандық иелері» **Байланыстырып сөйлеу**. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету **Дидактикалық ойындар:** «Жаңылпаштар», «Қазақстаным» /тақпақ/, «Мамандық иелері», «Ғажайып қоржын»
	Математика негіздері	**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** **Сан, санау:** 1-5 ке дейін санауды менгерту,сан таңбасын тану 1) Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. **Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, Заттардың мөлшері /1-4 саны / ұғымын біріктіре әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беру./сәйкестендіру/ **Ұзындығы мен ені** бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру; **Дидакткалық ойындар:** «Сәйкестендір», «Бөлгін тап»,«Несі жетпейді?», «Бөлщегін тап», «Айырмашылығын ата».

	Қоршаған ортамен таныстыру	**Заттық әлем:** Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Дидактикалық ойын:** «Затардың қасиетін анықта», «Тұрмыстық техника», «Мамандықтардың бәрі жақсы», «Ата мен әжеге көмектес» т б
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.**Құрастыру дағдыларын дамыту,** негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. /Үлгі бойынша құрасытруға тапсырма беру/ **Геометриялық пішіндерден құрастыру** Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта орналастыру, /Топтық жұмыс орындау/**Модульді құрастыру;** берілген жұмыстын үлгісіне қарай отырып құрастыру / карточкамен жұмыс/**Дидактикалық ойындар:** «Біздің қаладағы көше», «Жүк машинасы», «Жиһаз», «Ұшақ» т б
	Сурет салу	**Тақырып бойынша сурет салу.** Берілген тақырыпта дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. /Бояумен жұмыс/: **Сәндік сурет салу*;*** Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу /толқын ою, ботагөз оюы/**Дәстүрден тыс сурет салу;** (паролон таяқшалары) дағдыларын қалыптастыру. /Ою-өрнек «Толқын»/ Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.**Дидактикалық ойындар:** «Әдемі көйлек» «Сәндік сурет салу, «Кесені әшекейлеу» «Қазақтың ұлттық ою өрнегінің екі элементі»
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу***:* Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен білезікті мүсіндеу, таныстыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.**Дидактикалық ойындар: «**Әдемі жүзік», «Ұлу», «Қуыршаққа білезік»,

	Жапсыру	**Тақырыптық жапсыру***;* Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру **Үлгі бойынша жапсыру;** Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; көркемдік құрстыру, /көрпе / **Геометриялық пішіндердің** (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру **Дәстүрден тыс жапсыру техникасы**; Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (бүктеу, қатпарлау) қолдану Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды; **Дидактикалық ойындар**: « Жапырақтар жауғанда» ,«Қиярлар мен қызанақтар», «Кесені әшекейлейміз», «Ұшақ» т б
	Музыка	-музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты) қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі(мұңды,көңілді) байқауға үйрету. «Машина» К.Қуатбаев. «Барабан» Б.Дәлденбаев. «Жалауша» А.Тоқсанбаев. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). «Төлдер» Б.Ғизатов, Е.Өмірбеков. «Құлыншақ» Қ.Шілдебаев, И.Сапарбаев. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** «Қосарланып билеу» Г.Потапенко. «Қай аспапта ойнаймын» Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова. «Шөжелерім» өзбек биі. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Доп» Б.Қыдырбек «Күн» Г.Абдарманова. «Қане қызық ойын бар» А.Роомере.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған,жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.
		Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу; **Қимылды ойындар:** «Қапшықты кім алысқа лақтырады», «Қырықаяқ», «Бос орын» **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар**: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық ойын элементтері**: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралытүсініктерге ие; бірлескен қимылды ойындарға қатысады. **Дербес қимыл белсенділігі**: балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. **Мәдени-гигиеналық дағдылар**: Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық

		шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қор.** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. /Сөздік және дидактикалық ойындар мен карточкалармен жұмыс ұйымдастыру/ **Байланыстырып сөйлеу:**Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. /Суретті карточка мен жұмыс, тірек сызбаны қолдана отырып ұйымдастыру/ **Дидактикалық ойындар:** «Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер», «Мақтау сөздер айту», С.А Адилбаева «Тәуелсіз ел – Қазақстан!» /тақпақ/ А.Әбжалиева «Қазақстаным!»/ тақпақ»
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. /Қызықты кітаптарды қарау арқылы әңгімеге тарту/Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру.Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну./Сюжетті-желілік ойындар ұйымдастыру «Дүкен», «Пошта» **Дидактикалық ойындар: «**Жеті лақ» (орыс ертегісі) ,А.М.Айтжанова «Тәуелсіз елім», «Құмырсқа мен көгершін»,Ы.Алтынсарин «Әтеш пен тоты құс»
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушылық орта**:Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.**Тілдің грамматикасы:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). **Сөздерді байланыстырып сөйлеу:** сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйретуДидактикалық ойындар: «Отбасы мүшелерін ата», А.Сагидуллина «Қыс»/тақпақ/, «Үйжануарлары және төлдерін ата», Қ.Даулетиярова « Аяз ата» /тақпақ/
	Математика негіздері	**Геометриялық пішіндер**. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру./Блок-Дьенеша ойындарын қолдану.**Дидкатикалық ойындар**: «Пішінді құрастыр» «Қай пішін жетпейді» «Ұсақ

		затты тап», «Нүктелерді қос» т б
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Заттық әлем***:*Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.**Көлік, байланыс құралдары** /Дидактикалық ойындар мен үстел үсті лотолармен жұмыс ұйымдастыру/Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Менің Отаным – Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. /Сюжетті суретпен жұмыс **Дидактикалық ойындар: «**Біздің қанатты достарымыз», «Көліктер», «Менің Отаным- Қазақстан!», «Жаңа жыл төрімізде»
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Дидактикалық ойындар:** «Түлкі» *(оригами құрастыру түрі*), «Қора» «Торғай» *(көркемдік құрастыру түрі), «Әдемі шыршалар»*
	Сурет салу	Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына игеру.Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету. /сурет салудың дәстүрден тыс техникасы мақталы таяқша арқылы/**Дидактикалық ойындар:** «Ұзын құлақ сұр қоян», «Мерекелік отшашу», «Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің екі элементі (жолақша), «Шырша шамдары»
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. /Мүсіндеудің дәстүрден тыс техникасы пластилинографияны қолдану/**Дидактикалық ойындар:** Аққала», «Шырша ойыншықтар», «Пирамида», «Сыйлық»
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. /Жапсырудың дәстүрден тыс техникасы» «Майлықпен жапсыру» техникасын қолдану/**Дидактикалық ойындар:** «Қонжыққа арналған пирамида» «Мерекелік отшашу», «Ақшақар» «Шырша шамдары»

	Музыка	-музыкаға,бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. «Шамшырақтар» А.Матмен. «Кішкентай шырша» сүйемелдеу **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. «Менің Отаным» Ө. Байділдаев, Б.Ысқақов. «Ақша қар» А.Тоқмағанбетов. «Шырша» Ж.Мұхамеджанова. «Арша» Б.Қыдырбек, И.Сапарбай. «Аяз ата» Ө.Байділдаев, Н.Айтов. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. «Билейміз Аяз атамен» Э.Фасхутдинова. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Қолғап» Б.Дәлденбаев. «Аққаланы жылдам киіндір» Г.Абдрахманова. «Аю мен қояндар» А.Райымқұлова.
Қаңтар	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; **Негізгі қимылдар:** Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Қимылды ойындар:** «Мысық пен тышқан», «Кім жылдам?», «Қарлығаш» **Дербес қимыл белсенділігі**: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, 32 шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, 33 табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру

	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **Дидактикалық ойындар:** *«Дыбыстарды дұрыс айтайық», «Шай қайнатып үйренеміз», «Кімге не керек?», «Қысқы серуен» /әңгіме құрастыру/*
	Көркем әдебиет	**Кітаптарға қызығушылықты ояту.** Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **Дидактикалық ойындар:** *«Суретші қыс», А.М.Сагидуллина «Қыс» /өлеңі/, «Айлакер түлк», «Сауысқан мен көкек» /ертегі/*
	Қазақ тілі.	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамытуды жалғастыру. Өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Жуан және жіңішке** түбір сөздерді ажырату,бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдана білуді қалыптастыру.Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. *Д***идактикалық ойындар:** *Санамақ /жаттау/ « Үй хайуандар»,«Құрметтеуді үйренеміз» /ойын/, «Әдепті сөздер шеңбері»*
	Математика негіздері	**Кеңістікті бағдарлау** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Үлестірмелі матриалдармен жұмыс жасау арқылы заттарды салыстыру , ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші, орналасуы бойынша үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Суреттер топтамасымен жұмыс жасау арқылы уақытты бағдарлаукүндіз-түнде, таңертең-кешке. **Дидактикалық ойындар:** *«Геометриялық фигураларды салыстыр» ,«Оң мен сол» ,«Барлығы қанша», «Не артық»,*
	Қоршаған	**Еңбекке баулу** Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті

	ортамен таныстыру	материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. **Тірі және өлі табиғат** заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. **Өсімдіктер әлемі** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **Дидактикалық ойындар**: *«Түрлі-түсті мұздар», «Көліктер»,»Өрман тұрғындары», «Бөлме гүлдері»*
	Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Гараж», « Поезд», « Алаңқайдағы шырша», «Жабайы аңдар» /қағазбен және ұсақ құрылыс материалдар/*
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Қар кесегі», «Орамалды әшекейлейік» /қазақтың ұлттық ою- өрнектерімен/, «Аққала», «Қысқы шыршалар»*
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу *(ыдыстар, ойыншықтар).* Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар***: «Қар домалақтары», «Әдемі табақ», «Әжеме арналған тоқаш», «Себеттегі жемістер»*
	Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. **Геометриялық пішіндер** (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **Дидактикалық ойындар:** «*Ұзын құлақ ақ қоян», «Сәнқой түлкі», «Қуыршақтың тақиясын сәндейміз», «Әдемі кесе»*
	Музыка	-музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. «Ақ қоян» Б.Аманжол.

		«Полька» әуеніне музыкалық шулы аспаптармен сүйемелдеу «Сұр көжек» Г.Абдрахманова. **Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков. «Сұр қоян» К.Қуатбаев. «Қыс» Е.Матвиенко, Г.Абдрахманова. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. «Қосарланып билеу» литваның халық әні, өңдеген Г.Потапенко. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Кім епті» Н.Ладухина.
Ақпан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. **Негізгі қимылдар:** Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Қимылды ойындар:** «Қасқырға арналған қақпан», «Ұшты, ұшты», «Аюлар мен аралар» **Дербес қимыл белсенділігі**: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **Дидактикалық ойындар:** *«Ертегіде қонақта», «Ойыншықтар дүкені», « Шана тебеміз», «Сыпайы сөздер дүкені»*
	Көркем әдебиет	**Кітаптарға қызығушылықты ояту.** Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. **Дидактикалық ойындар:** *«Жақсы деген немене, жаман деген немене», «Қызыл телпек», Ж.М Сагымбекова «Қыс» /өлеңі» «Айна» /ертегісі/*

	Қазақ тілі.	**Жуан және жіңішке** түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Кітаптарға қызығушылықты ояту.Таныс кітаптардағы суреттерді қарастыруды жалғастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді сахналауға баулу. **Дидактикалық ойындар:** *« Аңдардың жүрісін сал», « Қатты, ақырын», «Қуыршақтың көңіл күйі», « Сүйікті кейіпкерің?*
	Математика негіздері	**Сан**.Заттарды салыстыруды жалғастыру.Салыстыру нәтижелерін ұзындығы және биіктігі бойынша салыстыруды жалғастыру, ұзын-қысқа, бірдей, тең, жоғары-төмен, биік-аласа, тең т.б. **Геометриялық пішіндер.** Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, аталған фигураларды салыстыру және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру. **Дидактикалық ойындар:** *«Қай сан таңбасы», «Қайда не болу керек», «Сиқырлы алаңқай», «Үйлерді салыстыр»*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** Өзі жайлы, отбасы, қоршаған ортасы жайлы сөздік қорларын толықтыру. **Заттық әлем.** Заттарды атау және ажырату тақырыбын өрбіту. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және әуе арқылы қозғалу құралдарымен таныстыруды жалғастыру.Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.**Тірі және өлі табиғат** заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.Өсімдіктер әлеміТуған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **Дидактикалық ойындар***: «Менің ата-анамның қызметі», « Көлік тұрағы»«Суды жақсы көретіндер», «Мамандықтармен танысайық»*
	Құрастыру	**Конструкторлардың түрлерімен таныстыру**. Құрастыру дағдыларын дамыту. Өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Биік шарбақтар», «Баспалдақ», «Сәнқой түлкі» /қағаздан оригами әдісі арқалы/, «Құстарға астау жасаймыз» /ұсақ құрлыс материалдары/*
	Сурет салу	**Тақырыптық сурет** *салуды жалғастыру.* /Шана, күрек, орындық, қора -Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен, май шам) таңдауға мүмкіндік беру; Көлденең және тік

		сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Қар ұшқыны», «Сылдырмақ», «Қуыршаққа арналған сақина», «Торғай іздері»*
	Мүсіндеу	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар т.б). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар:** *«Әжеме арналған Құймақтар», «Қоян», «Итке арналған табақ», «Сәбиге арналған сылдырмақ»*
	Жапсыру	**Геометриялық пішіндердің** (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Бұршақты көйлек», «Әжеме арналған түсті моншақтар», «Наурыз мерекесіне арналған клемді әшекейлейміз»*
	Музыка	-музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл - күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. «Бесік жыры» Ә.Әбдінұров. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. «Қыс қызығы» Е.Өтетілеуов. «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков. «Біз өмірдің гүліміз» Б.Ғизатов. «Біздің атай» К.Қуатбаев, Б.Дүйсенбиев. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек -кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатына сәйкес бір - бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. «Көңілді би» Ө.Байділдаев. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Кім қалай дыбыстайды?» Ж.Тұрсынбаев. «Жаңбыр» Г.Абдрахманова.
Наурыз	Денешынықтыру	**Кеудеге арналған жаттығулар:** допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан **Негізгі қимылдар:** Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды

		орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Қимылды ойындар:** «Қасқыр мен лақтар», «Жүйріктер жеңеді», «Нысанаға допты домалату» **Дербес қимыл белсенділігі**: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөздік қор.**Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Байланыстырып сөйлеу:** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. **Дидактикалық ойындар:** *«Көктем келді», «Менің сүйікті анам»,«Әйгерімнің ойыншықтары» /ойнау, сахналау, сөздік жұмыс/, «Әдепті сөздер шеңбері»*
	Қазақ тілі	**Кітаптарға қызығушылықты ояту.**Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. **Дыбыстық ойындар мен сөздік ойындар***:«Жалғау қосып айт», «Көпше түрде айт», «Заттың қаситін ата», « Неден жасалған», «Сипап сезу арқылы- заттарды ата»/*
	Көркем әдебиет	Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Күшік пен мысық « /ертегі/, «Ана» /өлең/ , «наурызым армысың!» /өлең/, «Әтеш пен бұлбұл»,*

	Математика негіздері	**Шама** Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Жолақша», «Не артық?», «Екінші жартысын тап», «Түстер бойынша ретімен қой»*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және өлі табиғат** заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. **Жануарлар әлемі** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Көктем келді», «Анамның мейрамы», «Наурыз-көктем мерекесі», «Күн сәулесі»*
	Құрастыру	**Ұжымдық құрылыс жасауға баулу**, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштарды дұрыс қолдануды жалғастыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. /Үлгі бойынша құрасытруға тапсырма беру. Геометриялық пішіндерден құрастыру **Құрастыруда бөлшектерді** орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта орналастыру, /Топтық жұмыс орындау/ **Дидактикалық ойындар:** *«Көбелектер» /табиғи материалдардан/, «Желкенді қайық» /санағыш таяқшалар/, «Анама гүл» /ұсақ геометриялық пішіндер/,*
	Сурет салу	**Қазақ ою-өрнектерінің** қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Анама арналған моншақ», «Тәрелкені әшекейлейміз», «Әдемі сырмақ», «Күн жарқырап , шөп өсті»*

	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар:** *«Анама арналған сырға», «Айгерімге тұмар сыйлаймын»,«Әдемі шайнек», «Тостаған»*
	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. **Дидактикалық ойындар:** *«Қуыршақтың көйлегі», «Әдемі торсық» «Әжемнің орамалы», «Оюлы алаша»*
	Музыка	-музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. -музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ересектердің орындауындағы жән аудио - бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету. «Әлди әлди бөпем-ай» Б.Аманжол. «Құлыншақ» Ж.Тұрсынбаев. «Біз өмірдің гүліміз» Б.Ғизатов. **Ән айту:** дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми) —ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). «Анашым» Е. Хасанғалиев. «Домбыра сазы» И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров. «Әже» Зерек ботақан журналынан, «Наурыз» Зерек ботақан журналынан. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаң дап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. «Қамажай» халық әуені. «Қояндар» биі М.Әлімбаев. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Сылдырмақпен ойын» Б.Дәлденбай.
Сәуір	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. **Негізгі қимылдар:** Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта,

		заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу 31 және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Қимылды ойындар:** «Жүйріктер жеңеді», «Допты ұстап алу», «Тауық қорадағы түлкі» **Дербес қимыл белсенділігі**:Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, 32 шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. **Мәдени- гигиеналық дағдылар**: Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу
	Сөйлеуді дамыту	**Байланыстырып сөйлеу:** Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. **Дидактикалық ойындар:** «*Мамандықтың бәрі жақсы», «Мен ұшқыш боламын», «Ғажайып қалта», « Сыпайы өтініш»*
	Көркем әдебиет	**Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.** Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. **Дидактикалық ойындар***: «Үш жолдас»/ әңгіме/, М.Әлімбаева «Өкпелеме» /өлеңі/, Күшік пен мысық (ертегі), « Түлкі мен ешкі» /ертегі/*
	Қазақ тілі	Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Құпия заттар», «Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер», ««Сиқырлы таяқша», «Қасқыр мен ешкі»*
	Математика негіздері	**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. **«Көп», «Бір»** ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ындаландыру. **Біртекті заттарды топтастырады** және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. **Дидактикалық ойындар:** *« Жалауарларды орналастыр»,*

		«Ұқсас затты тап», «Нүктелерді қос»,«Өз үйіңді тап»
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Адамгершілікке баулу** Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. **Еңбекке баулу** Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Дидактикалық ойындар:** *«Мен және менің достарым», «Алтын балық», «Мен ұшқыш боламын», «Туған қаламызға саяхат»*
	Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. /Үлгі бойынша құрасытруға тапсырма беру/ **Дидактикалық ойындар:** *«Зымыран», «Үлкен жүк машинасы», «Атобус», «Қуыршаққа арналған бөлме»*
	Сурет салу	**Көлденең және тік сызықтарды салу,** олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Менің көңіл күйім», «Ұшақ», «Ғарыштар әлемі», «Жемсауыттағы торай»*
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен **мүсіндеу тәсілдерін** қолдана отырып заттарды, жануарларды, бұйымдарды, өсімідіктерді мүсіндей білулерін жетілдіру.Ермексаз, сазбалшықпен жасалатын әр –түрлі тәсілдерді меңгерту /бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю,кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп,мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. **Дидактикалық ойындар:** *«Ұшақ», «Гүл», «Құмға арналған күрек»*, «*Ағаш»*
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.**Дидактикалық ойындар:** *«Достарыма арналған шарлар», «Әдемі ұшақ», «Көгалдағы балапандар», «Шөптегі қаңқызы»*
	Музыка	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. «Мерекелік марш» И.Леви. «Құстар шоқиды» Т.Ломова. «Серуендейміз, демаламыз»

		М.Красев **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. «Көктем» Т. Исабеков. «Мен космонавт боламын» С.Мұхаммеджанов. «Етікші» Қ.Мырза Әлі, Д. Ботбаев. «Бақшаға келемін» Ө.Байділда. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. «Біз өмірдің гүліміз» Б. Ғизатов, Ә. Дүйсенбиев. «Балалар биі» А.Майкапар.**Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Светофор – бағдаршам» сөзі: С. Қалие, әні: Ғ. Тамендаров)
Мамыр	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. **Негізгі қимылдар:** Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Қимылды ойындар:** «Үш орындық ойыны», «Ұшты,ұшты», «Жүйріктер жеңеді» **Дербес қимыл белсенділігі**: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, 32 шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. **Мәдени- гигиеналық**

		дағдылар:Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Байланыстырып сөйлеу:**Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. **Дидактикалық ойындар:** *«Диалог», «Батыл бол» т б* Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	**Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.** Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ересектермен бірге **ертегілерді,** қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. **Дидактикалық ойындар***: «Гүлдер таласы /ертегі/, Н.Соқабаева» Үлкен жігіт боламын» /өлең/, «Сауысқан мен көкек»/ертегі/ Өткенді қайталау.*
	Қазақ тілі.	Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. **Дидактикалық ойындар:** *«Қасқыр мен лақтар», «Ұшты, ұшты» /ойын/, ««Кемемен қыдыруға барамыз» Өткенді қайталау.*
	Математика негіздері	***З*аттардың санын ажырату**, тура және кері санау, сандардың көршілерін атауды жетілдіру. **Заттарды өлшемдері** бойынша салыстыруды жетілдіру.Балаларды таныс геометриялық пішіндерді атап, олардың қасиеттерін ажырата алуларын бекіту. **Кеңістікті дұрыс бағдарлап,** соған байланысты сөздерді дұрыс қолдана білулерін жетілдіру. /жоғары-төмен, алдында –артында, оң жақ-сол жақ, үстінде –астында т.б/ **Тәулік бөліктерін бағдарлау**. /таң ертең,кешке, түсте, түнде, бір күн, бір апта , бүгін, ертең т.б/ **Дидактикалық ойын:** *«Қай уақыт», « Қай қолымда көп», «Ретімен оналастыр»,Өткенді қайталау.*
	Қоршаған Ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу** Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Дидактикалық ойындар:** *«Гүлдер, гүлдер әсем гүлдер», «Менің атам майдангер» Өткенді қайталау.*
	Құрастыру	**Құрастыру дағдыларын** дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер,

		үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. *Балалар өз еріктерімен құрастыру.Өткенді қайталау.*
	Сурет салу	Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білулерін, олардың мағанасын түсінулерін жетілдіру. Тұрмыс заттар мен ойыншықтарды сала білуды дағдыландыру. Қарапайым табиғи құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге қызығушылықтарын арттыру. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. **Дидактикалық ойындар:** *«Әдемі гүлдер», «Әдемі алаша»,«Қаңқыз», «Бақбақ гүлі» «Жарқырайды күн көзі»*
	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. *«Білезік» Балалардың өз еркімен мүсіндеуі.Өткенді қайталау.*
	Жапсыру	Дайын пішіндерден заттарды бейнелеу дағдыларының қалыптасуын бекіту; Желімдеу техникасы: қылқаламға желімді ұқыпты алу; қағазға, дайын бөлшектерге желім жағу; желімнің қалдықтарын кетіру үшін майлықты қолдану **Дидактикалық ойындар***:«Адамның сұлбасы» «Қаңқыз» Өткенді қайталау.*
	Музыка	- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту. **Музыка тыңдау:** Балалар аспаптарының музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. «Барабаншы» М.Красев. «Ақ көбелек» Т. Шапай. «Тату доспыз бәріміз» Е. Меңдешев. «Сарбаздар сазы» Қ. Ілиясов. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев. «Ел қорғауға әзірміз» К. Қуатбаев, М. Әлімбаев. Ағайынбыз бәріміз Д. Ботбаев. «Көбелек» К. Қуатбаев, Ж. Смақов. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. «Жалаушалармен» Е.Брусиловский. «Достастық» беларустың халық әуені. Өңдеген: Р.Рустамов. **Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Кім епті» Н.Ладухина.